

## Мемлекеттік бажды есептеу мен төлеу тәртібі туралы нұсқаулық

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті 1997 жылғы 4 наурыздағы N 74. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 27 маусымда тіркелді. Тіркеу N 330. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес

### БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

23. "Мемлекеттік бажды есептеу мен төлеу тәртібі туралы" Нұсқаулықты

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 74

V970330\_  
бұйрығы.

-----  
Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 65-1 "Мемлекеттік баж туралы" Заңын іске асыру, заңды іс-әрекеттер жасағаны үшін алынатын баж немесе оған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өкілетті құжаттарын беру үшін бұйырамын:

"Мемлекеттік бажды есептеу және төлеу тәртібі туралы" нұсқаулық бекітілсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік салық комитеті  
төрағасының бұйрығымен  
бекітілді  
1997 жылғы 4 наурыз N 74

Осы Нұсқаулық "Мемлекеттік баж туралы" Z960065\_ Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 65-1 Заңына сәйкес шығарылды.

I тарау. Жалпы ережелер

Мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік баж туралы" Заңымен белгіленген уәкілдік берілген мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар заңдық мәні бар іс-қимылдар жасағаны не құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлем.

1. Мемлекеттік баж төлеушілер - заңдық мәні бар іс-қимылдар жасау немесе құжаттар беру жөнінде уәкілдік берілген мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға өтініш жасайтын жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

2. Мемлекеттік баж:

а/ сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше жүргізілетін істер жөніндегі арыздардан, (шағымдардан), кассациялық шағымдардан, сондай-ақ соттың құжаттар көшірмелерін (дубликаттарын) бергені үшін;

б/ нотариаттық жұмыстар жүргізу үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған

құжаттардың көшірмелерін (дубликаттарын) бергені үшін;

в/ азаматтық қал актілерін тіркеу үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық қал актілерін тіркеу туралы куәліктерді қайталап беру және азаматтық қал актілерінің жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәліктер беру үшін;

г/ шетелге шығуға құқық беретін құжаттарды және басқа мемлекеттерден азаматтарды Қазақстан Республикасына шақыруды рәсімдеу үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізу үшін;

д/ шетел азаматтарының паспортына немесе оларды алмастыратын құжаттарға Қазақстан Республикасына әкелуге құқық беретін рұқсат белгісін қою үшін;

е/ Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу туралы құжаттарды ресімдеу үшін;

ж/ тұрғылықты жерін тіркеу үшін;

е/ аң аулау құқығына рұқсат беру үшін;

и/ азаматтық қаруды (атылмайтын аңшылық қарудан, пневматикалық қарудан және газды аэрозоль құрылғыларынан басқасын) тіркеу және қайта тіркеу үшін алынады.

## II тарау. Мемлекеттік бажды есептеу және төлеу тәртібі

3. Мемлекеттік баждың екі түрі белгіленді теңгермелі және нақты процент ставкасы.

Теңгермелі баж тиісті сомаға /талап сомасына/ проценттік қатынаста алынады , мемлекеттік баждың нақты проценттік ставкалары мемлекеттік баж төленген күні республикада белгіленген есептік көрсеткіш мөлшеріне негізделіп есептеледі.

Бажды алған кезде оның сомасы 1 теңгеге дейін тұтасталады бұл жағдайда 50 тиынға дейінгі сома есепке алынбайды, ал 50 тиын және одан жоғары 1 теңге деп алынады.

4. Мемлекеттік баж нақты ақшамен, сондай-ақ төлеушінің банктегі /оның филиалындағы/ шотынан аудару арқылы төленеді. Несие мекемелері жеке адамдардан мемлекеттік баж алғанда барлық жағдайда қатаң есептегі белгіленген нысандағы квитанцияның нөмірін көрсете отырып жүзеге асырады.

Село әкімшіліктері орындаған жұмыстар үшін баж белгіленген нысандағы квитанцияны беру арқылы нақты ақшамен төленеді.

## 5. Мемлекеттік баж:

а/ соттарда қаралатын істер бойынша тиісті арыз /шағым/ немесе кассациялық шағым берілгенге дейін, сондай-ақ сот құжаттарының көшірмелерін берген кезде ;

б/ нотариаттық жұмыстар жүргізу үшін нотариаттық жұмыстарды атқару кезінде, ал құжаттардың көшірмелерін беру үшін оларды берген кезде.

Мәмілелер бойынша бір жақ баж төлеуден босатылған жағдайда, егер олар да баж төлеуден босатылмаған болса, онда бажды екінші жақ төлейді.

Нотариат конторының депозитіне қабылдануға ақшалай сома пошта арқылы немесе несие мекемесінен келіп түссе, онда тиісті баж сомасы келіп түскен ақшалардан алынады, ал олардың қалғаны депозитке қабылданады. Баждың ұсталған сомасы, нотариаттық контордың банкке депозиттік соманы банктің квитанциясымен кезекті тапсырғанда бюджетке аударылады, ол нотариаттық контордың ісінде сақталады.

в/ азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу үшін, азаматтық хал актілерінің жазбаларына түзетулер мен өзгерістер енгізу үшін тиісті арыздарды берген кезде, ал қайтадан куәліктер мен анықтамалар беру үшін оларды берген кезде;

г/ кәмелетке толмаған балалары жоқ жұбайлардың өзара келісімі бойынша неке бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін актіні тіркеген кезде;

д/ азаматтардың тұрғылықты жерін тіркеу үшін - тиісті құжаттарды бергенге дейін;

е/ аң аулау құқығына рұқсат беру үшін тиісті құжаттарды бергенге дейін;

ж/ Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кетуге және Қазақстан Республикасына келуге байланысты істер бойынша - тиісті құжаттарды алғанға дейін төленеді.

6. Бажды аударған төлем құжаты, ақшаны баж төлеміне қабылдағаны туралы банк квитанциясы талапкер өтініштеріне, кассациялық шағымдарға тігіледі, мемлекеттік бажды алатын мекеменің ісінде мәміле куәліктері туралы, азаматтық хал актілерінің өтініштері туралы және басқа құжаттардың берілгені туралы құжаттардың данасы қалдырылады.

Нотариаттық істерді тіркеуге арналған реестрде алынған баждың сомасы, банк құжатының күні мен нөмірі көрсетіледі.

Селолық әкімшіліктің бұған өкілденген тұлғасы төлеушіге бажды төлегені жайлы квитанция береді, төлеушіге берілетін куәландырылған құжаттарда, осы құжаттардың көшірмелерінде және селолық әкімшіліктің кітабында алынған баждың сомасы квитанцияның нөмірі көрсетіліп белгі қойылады.

Азаматтық хал актілерін тіркеген кезде селолық әкімшіліктің бұған өкілденген тұлғасы төленген баждың сомасын, осыған арналған акт кітабының бағанында немесе акт жазуының соңында көрсетеді. Бұл жағдайда баж

төленгендігі туралы жазуды бажды төлеген адам куәландыруы тиіс.

7. Төлемшілер бажды төлеуден босатылған жағдайда, бұл туралы тиісті құжаттарда /реестрлерде, кітаптарда т.б./ берілген жеңілдік құқығы негізделіп белгі қойылады.

8. Мекемелер мен ұйымдардың атқарған жұмыстары үшін мемлекеттік баж, төлем уақытында айлық төлем көрсеткіші бойынша нақты ақшамен 50 процентке дейін толық алынуы мүмкін, ал одан жоғары болса тек қана несие мекемелері арқылы.

Бұл жағдайда, жұмыс аяғына дейін баж алатын мекемелер мен ұйымдардың кассалық қалдығы бір айлық көрсеткішінің сомасынан аспауы тиіс.

Нақты ақшамен сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың шоттарынан аударылған мемлекеттік баж сомасы, төлемді алған банктің /оның бөлімшесінің/ жергілікті жерінің бюджет кірісіне аударылады.

Республиканың, ТМД және алыс шетелдердің талапкер шаруашылық субъектілерінің істері жөнінде алқаның қараған істер бойынша алынған мемлекеттік баж талапкерлердің өтінішін қараған алқаның жергілікті бюджетінің кірісіне аударылады.

### III тарау. Мемлекеттік бажды қайтару тәртібі

#### 9. Төленген мемлекеттік баж:

а/ баж осы заң бойынша талап етілетінінен артық мөлшерде төленген;

б/ арыз /шағым/ кері қайтарылған немесе оны қабылдаудан бас тартылған, сондай-ақ нотариустар немесе оған уәкілетті адамдар нотариаттық жұмыстарды атқарудан бас тартқан;

в/ егер іс сотта қаралуға жатпайтын болса, сондай-ақ талапкер дауды алдын-ала шешудің осы санаттағы істер үшін белгіленген тәртібін сақтамаса, не талапты төлем қабілеті жоқ адам қойса, іс жүргізу тоқтатылған немесе талап қаралмай тасталған;

г/ мемлекеттік баж төлеген адамдар заңдық мәні бар іс-қимыл жасаудан немесе осындай заңдық мәні бар іс-қимыл жасайтын органға өтініш жасалғанға дейін құжат алудан бас тартқан;

д/ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда ішінара немесе толық қайтарылуға тиіс.

10. Мемлекеттік бажды қайтару үшін төлем төлеуші өтінішімен салық органына жүгінеді, оған баж алған мекеменің баждың толық немесе жартылай қайтарылу себебі негізделген анықтамасы тігіледі, оған қоса егер де төленген баж толық мөлшерде қайтарылатын болса баждың төленгендігін анықтайтын құжат қосылады.

Республиканың, ТМД және алыс шетелдердің талапкер шаруашылық субъектілерінің істері жөнінде алқаның қараған істері бойынша алынған мемлекеттік бажды қайтару үшін бюджетке түскен ауданның не қаланың салық органына жүгіну керек. Төлеушінің бажды қайтару өтінішіне, шаруашылық істері жөніндегі алқаның бажды төлегендігін анықтайтын құжатымен баждың толық және жартылай қайтарылғандығы туралы шешімі қоса беріледі.

Бажды міндеттеп қайтарып алу тәртібі кезінде шаруашылық істері жөніндегі алқа мемлекеттік баж қайтарылатын шаруашылық субъектісінің толық аталуын, салық төлеушінің тіркелу нөмірі, салық төлеушінің тұрған жеріндегі салық инспекциясының банк мекемесінің есеп шотының нөмірі жайлы бұйрық шығарады.

Баж қайтарылған жағдайда, салық инспекциясы жоғарыда аталған құжат түгелденгенде N 21 нысанының тұжырымы рәсімделіп, баждың қайтарылғаны туралы тұжырым қаржы органына жіберіледі.

11. Салық органының шешімі азаматтар немесе заңды тұлғалар арыз берген кезден бастап бір айдан кешіктірмей қабылданады. Қайтарылуға тиісті мемлекеттік баж азаматқа немесе заңды тұлғаға оны қайтару туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 күн ішінде берілуге тиіс.

Бажды алған мекемелерде қалатын істер бойынша бажды қайтару үшін мекеменің анықтамасында тиісті құжаттардың /талапкер өтінішінің, төлем құжатының, квитанцияның/ аталған мекеменің ісінде қалғаны көрсетіледі.

12. Бажды қайтару соманың бюджетке есептелінуіне бір жыл толмаған

жағдайда, егер қайтару туралы өтініш бажды алған салық органына немесе мекемеге бергенде жүзеге асырылады.

IV тарау. Мемлекеттік баж ставкалары мен төлеу тәртібі

1. Соттардағы мемлекеттік баж ставкалары

13. Сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше жүргізілетін істер жөніндегі арыздардан /шағымдардан/ кассациялық шағымдардан, сондай-ақ соттың құжаттар көшірмелерін /дубликаттарын/ бергені үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерде алынады:

а/ мүлік сипаттағы талап арыздардан:

жеке тұлғалар үшін талап сомасының 1 проценті

заңды тұлғалар үшін талап сомасының 3 проценті

б/ мемлекеттік органдар мен

олардың лауазымды адамдарының

жеке тұлғалардың құқықтарына

нұқсан келтіретін заңсыз

іс-әрекеттеріне берілген  
шағымдардан 30 процент

в/ мемлекеттік органдар мен  
олардың лауазымды адамдарының  
занды тұлғалардың құқықтарына  
нұқсан келтіретін заңсыз

іс-әрекеттеріне берілген  
шағымдардан 500 процент

г/ некені бұзу туралы талап  
арыздардан.

Ескертпе: некені бұзу кезінде мүлікті бөлген жағдайда баж осы  
баптың "а" тармақшасына сәйкес талап бағасына қарай белгіленді;

д/ хабар-ошарсыз кеткен немесе  
ақылынан ауысуы немесе ақыл-  
есінің кемдігі салдарынан әрекет  
қабілеті жоқ деп белгіленген

тәртіппен танылған адамдармен,  
не үш жылдан астам бас бостан.

дығынан айыруға сотталған  
адамдармен некені бұзу кезінде

мүлікті бөлу туралы талап

арыздардан 13 тармақтың "а"  
тармақшасына сәйкес

е/ тұрғын үй-жайларды жалдау  
шартын өзгерту немесе бұзу  
туралы мұраны қабылдау мерзімін  
ұзарту туралы мүлікті пайдалануға  
тыйым салудан босату туралы талап

арыздардан және мүліктік емес

сипаттағы немесе бағалауға

жатпайтын басқа да талап

арыздардан 50 процент

ж/ ерекше жүргізілетін істер

жөніндегі арыздардан /шағымдардан/ 50 процент

з/ сот шешіміне кассациялық

шағымдардан мүліктік емес сипаттағы

талап арыз берілген кезде

алынатын мемлекеттік баж

мөлшерінің, ал мүліктік

сипаттағы даулар бойынша  
беруші дауласып отырған  
сома негізге алынып  
отырған сома негізгі алынып  
есептелген мемлекеттік  
баж мөлшерінің 50 проценті

и/ орындау парағының дубликатын  
беру туралы мәселе бойынша  
сот ұйғарымына жеке шағымнан 500 процент  
к/ сот шешімдерінің, үкімдерінің,  
ұйғарымдарының, соттың басқа да  
қаулыларының көшірмелерін  
/дубликаттарын/, сондай-ақ іске  
қатысушы тараптар мен басқа да  
адамдардың өтініші бойынша  
соттар беретін іске қатысты басқа  
да құжаттардың көшірмелерін  
қайталап беру үшін әрбір құжат үшін 10 процент  
және бұған қоса, әзірленген  
әр бет үшін 3 процент

л/ заңды тұлғаларды банкрот деп  
тану туралы арыздардан 500 процент

14. Бір мезгілде мүліктік және мүліктік емес сипаттағы талаптар қойылған талап арыздар үшін мүліктік сипаттағы талап арыздарға және мүліктік емес сипаттағы талап арыздарға белгіленген мемлекеттік баж қатар алынады.

Талапкердің бір мезгілде мүлікті бөліп некені бұзу туралы өтінішінен баж некені бұзу және мүлікті бөлісуден алынады.

15. Қарама қарсы талап арыздардан, сондай-ақ өз бетінше шағым айтатын үшінші талапкер өтінішінен баж жалпы негізде алынады.

Сот алғашқы талапкерді оның келісімі бойынша басқа адаммен алмастырылса, онда осы адам жалпы негізде баж төлеуге тиіс.

Егер сот бір немесе бірнеше біріккен талап шарттарын жеке өндіріске бөлсе, талапкер төлеген баж қайтадан есептелмейді және қайтарылмайды. Бөлектенген жеке өндіріс бойынша баж қайталап алынбайды.

16. Бұрын қаралмаған, қайталап берілген талаптар бойынша баж жалпы негізде алынады. Бұл жағдайда бұрын қаралмаған іс бойынша баж қайтарылуға

тиісті болса, бірақ қайтарылмаса, онда оның бюджетке аударылғанына бір жыл толмаса, онда баждың төленгендігі туралы құжат беріледі.

Сонымен қатар төлемнің мөлшері мен мерзімінің өзгеруі туралы талапкерден, шешімнің күшіне енгенде, жауапкерден мезгілді төлем алынатындықтан баж алынады.

17. Талап бағасы, осыған байланысты баж алынатындықтан, талапкер белгілейді, сәйкес жағдайда азаматтық процессуалдық заңда белгіленгендіктен сот анықтайды. Осы ереже талапкер өтінішіне де, сондай-ақ кассациялық шағымға да жүреді.

Балаларды асырауға арналған алиментті өндіріп алу туралы істен баж, табыс салығын алып тастағанда, 12 айдың тұтас сомасымен, еңбекке ақы төлеу орташа айлық мөлшерден есептеліп алынады. Егер де сот балаларды асырауға арналған алиментті және талапкерді асырауға сома өндіріп алуға шешім шығарса, онда мемлекеттік баж бір жылғы осы төлемдер сомасының қосындысынан алынады.

Мысалы: Ахметова А.Т. екі балаға алимент төлеуге Ахметов Б.У. талап қойған. Еңбек ақы туралы анықтама бойынша, табыс салығын алып тастағанда, бір айлық орташа жалақысы 7500 теңге құраған. Ай сайын ол балаларға еңбек ақысының 1/3 бөлігін төлейді - 2500 теңге, бір жылға  $12 \times 2500 = 30\,000$  теңге төлейді.

13 тармақтың "а" тармақшасына сәйкес мемлекеттік баж 300 теңге құрайды / өндіріп алынатынның 1 проценті/.

Егер де алимент төлеуге талап қойылған жауап беруші кәсіпкерлік қызметтен немесе басқа кәсіптен табыс алса, салық органына берілген декларация бойынша баж алынады. Декларацияның көшірмесі іске тігіледі.

18. Талап қанағаттандырылмаған жағдайда, талапкер баждан босатылған тұста алынатын сомаға сәйкес баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады /егер де ол баждан босатылмаған жағдайда/.

19. Бір немесе бірнеше жауап берушілерге бірнеше талапкерлер талап қойса онда баж жалпы талап сомасынан алынады және талапкерлерге олардың қойған талабына сай төленеді.

Жалпы талап сомасынан баж мынадай жағдайда:

бір талапкерлік бірнеше жауап берушілерге талап қоюынан;

талап өтінішін алған соттар бірлестігінің, бірнеше бірыңғайдағы бір өндіріске талабынан алынады.

Баж төлеуден босатылған бір немесе бірнеше талапкерлердің, бірнеше жауап берушілерге ұсынылған талабы толық не жартылай қанағаттандырылғанда, баж алу сот шешімімен әрбір қарызданушының сомасынан алынады. Егер де бірнеше талапкердің бір жауап берушіге талабы қойылса баж бюджетке жауап берушіден жалпы тағылған қарыздың сомасынан өндіріліп алынады.

Сот басқа адамды екінші жауапкер ретінде тартса және талапкер сомасы жартысының қалғанын екіншісіне жүктесе, бұл жағдайда талапкер баж төлеуден босатылса, онда жалпы қанағаттандырылған талап сомасының жиынтығынан, әрбір жауап берушіге жүктелген талап сома теңгермелі түрде алынады.

Егер де баж төлеуден босатылған талапкер, жауапкердің өз еркімен оның талабын толық не жартылай орындағанда өзінің талабында тұрмаса, онда жауапкерден бюджетке баж сомасын сот анықтайды.

20. Талапкер өтінішінде талап сомасын көрсетпеген жағдайда, онда сот талап өтінішін аларда топшалап талап құнынан, алдын ала төленетін баж сомасын анықтайды. Егер де сот шығарған шешімде жалпы талап сомасы көбейтілсе, онда баж көбейтілген сомадан алынады.

Осындай тәртіппен баж алынады, егер де сот істің ыңғайына байланысты белгіленген жағдайда талапкер талабының өтінішінен шығып кетсе.

21. Осы нұсқаудың 19 және 20 тармақтарында айтылған тәртіп, кассациялық шағымды қабылдау кезінде қолданылады.

22. Мүлікті мұрагерлікке алу құқығы туралы сот шешімі қабылдағанда, бажды мүліктің жалпы құнынан туындай отырып әрбір мұрагерден өзінің үлесіне қарай сот анықтайды.

23. Мүлік иелігіне құқық туралы талап өтінішімен, мүлікті иеліктен алу келісімнің күшін жою туралы, мүлікке үлес құқығын тану туралы, жалпы мүліктен үлесін бөліп алу және мұрагерлерге тиісті мүлікті өндіріп алу туралы өтініштен баж оның үлесінен немесе өндірілетін мүліктің құнынан алынады.

24. Бағалауға жатпайтын шартты тану туралы талап өтінішінен, шартты бұзу туралы немесе оның талаптарын өзгерту мен толықтыру туралы өтініштен баж 13 тармақтың белгіленген "е" тармақшасының ставкасы бойынша алынады.

Белгіленген тармақтағы шаруашылық істері жөніндегі алқа өтінішін басқа белгіленген бағынысты ведомствоға жіберілгенде баж екінші рет алынбайды, ал жинақталған айырма төлеушіден өндіріледі, немесе қайтарылады.

25. Өндіріс ісі бойынша өтінішті алу немесе тоқтатуға бас тартқан негіз бойынша жағдай реттелгеннен кейін қайталап өтініш берілсе, бюджетке төленгенге бір жыл толмаған жағдайда бажды қайталап төлемес үшін баждың төленгендігі туралы алғашқы құжат ұсынылады.

26. Баж алынатын талап құнына өтініштегі көрсетілген санкция сомасы ұсынылады, егер ол көрсетілмесе онда талапкердің талабы орындалса да, не бас тартылса да шаруашылық істері бойынша алқа шешімі анықтаған санкция сомасы қосылады.

Бажды алу үшін сома санкциясы барлық жағдайда шешім қабылданған күнімен анықталады.

27. Талапкер талабы азайған кезде алынған баж қайтарылмайды. Талап

жоғарылағанда жетпеген сома жоғарылаған сомадан толықтырылады.

28. Шаруашылық істері бойынша алқаға ведомстволық бағынысты кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар мүддесін қорғауға берген жоғары органдардың өтініштерін баж жалпы негізде алынады. Бұл жағдайда бажды жоғары органдар, сондай-ақ ведомстволық бағынысты кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар төлеуі мүмкін.

Мемлекеттік бажды өндіріп алу бөлігі жөніндегі шаруашылық істері бойынша алқа шешімін қайта қарау туралы өтініштен баж дау сомасынан туындап жалпы негізде алынады. Шаруашылық істері бойынша алқа шешімін қайта қарау туралы өтініштен, негізгі талап сомасы мен мемлекеттік баж сомасына байланысты баж даулы жақтардың негізгі талап сомасынан алынады.

29. Іс бойынша өндірісті тоқтату туралы шаруашылық істері бойынша алқа анықтамасын тоқтату туралы өтініштен баж жалпы негізде алынады.

Талапкер баждан босатылған жағдайда, талап орындалса, онда жауапкер баждан босатылмаған жағдайда талап өтініштерін қанағаттандырылған мөлшерге баж теңгермелі жауапкерден өндіріліп алынады.

Шаруашылық істері бойынша алқаның бастамасы бойынша қозғалған істі қарау кезінде (қандай-да болмасын жақтардың өтініш беруінсіз) мемлекеттік баж іс бойынша белгіленген сомадан бюджетке жауап берушіден өндіріледі. Бір жаққа пайдалы шешімді қарау кезінде баж осындай тәртіппен өндіріледі.

Бір төлем құжаты бойынша аталған шаруашылық істері бойынша алқада қаралатын бірнеше іске баж аударылған жағдайда құжат бір іске тігіледі. Басқа істерде баждың төленгендігі туралы белгі қойылады, төлем құжаты тігілген іс көрсетіледі.

30. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады;

а) талапкерлер - еңбекке ақы төлеу сомасын өндіріп алу туралы талаптар және еңбек қызметіне байланысты басқа да талаптар бойынша;

б) талапкерлер - авторлық құқықтан, сондай-ақ жаңалық ашу, өнертабыс, рационализаторлық ұсыныс және өнеркәсіптік үлгілер құқығынан туындайтын талаптар бойынша;

в) талапкерлер - алимент өндіріп алу туралы талаптар бойынша;

г) талапкерлер - асыраушының мертігуіне немесе денсаулығының өзге де зақымдануына, сондай-ақ қайтыс болуына байланысты зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша;

д) талапкерлер - қылмыс жасау арқылы келтірілген материалдық нұқсанның орнын толтыру туралы талаптар бойынша.

Азаматтық сот ісі тәртібі бойынша жауапкерден жоғарыда көрсетілген мемлекеттік баж сомасы жалпы ген тәртіп негізінде алынады;

е) жеке тұлғалар - некені бұзу туралы істер жөніндегі кассациялық шағымдардан;

ж) іске қатысы жоқ адамдардан басқа заңды және жеке тұлғалар қылмыстық істерге және алимент жөніндегі істерге байланысты өздеріне құжаттар бергені үшін;

з) талапкерлер - Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдарының бұзылуы арқылы мемлекетке келтірілген нұқсанның орнын толтыру үшін мемлекет кірісіне қаражат өндіріп алу туралы талаптар бойынша;

и) жалпы орта білім беру жүйесінің кәсіптік-техникалық мектептері - оқу орындарын өз бетімен тастап кеткен немесе олардан шығарылған оқушылардың қажетіне жұмсауға мемлекет шеккен шығындарды өндіріп алу туралы талаптар бойынша;

к/ жеке тұлғалар қылмыс жасау арқылы келтірілген материалдық нұқсанды өндіріп алудың дұрыстығына дау жасалатын қылмыстық істер бойынша кассациялық шағымдардан;

л/ заңдарда көзделген жағдайларда басқа адамдардың немесе мемлекеттік құқықтары мен заң арқылы қорғалатын мүдделерін қорғап сотқа арызданған заңды және жеке тұлғалар;

м/ талапкерлер - Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер - барлық істер мен құжаттар бойынша;

и/ талапкерлер - ішкі істер органдары алименттер мен басқа да төлемдер төлеуден бас тартқан адамдарды іздестіру жөніндегі шығыстарды өндіріп алу туралы істер бойынша;

о/ заңды және жеке тұлғалар - сотқа іс жүргізуді тоқтату немесе арыздарды қарамай тастау туралы сот ұйғарымының күшін жою жөнінде; шешімнің орындалмауын кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту жөнінде; шешімді орындау ісі мен тәртібін өзгерту жөнінде; талаптарды қамтамасыз ету немесе қамтамасыз етудің бір түрін екіншісімен ауыстыру жөнінде арыздар жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша сот шешімдерін, ұйғарымдарын немесе қаулыларын қайта қарау туралы арыздар; сот шешімімен салынған айыппұлдарды ұлғайту немесе азайту туралы; сот ұйғарымының орындалу барысы туралы, өткізіліп алынған мерзімдерді қалпына келтіру туралы арыздар; сондай-ақ сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдар;

п/ прокуратура органдары - барлық талаптар бойынша;

р/ талапкер ретіндегі салық, қаржы және кеден органдары бюджетке төленетін төлемдерді өндіріп алу туралы; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер бойынша кәсіпорындарды банкрот деп тану туралы; Қазақстан Республикасының заңдарында дайындауға тыйым салынған, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті тіркемей өндірілген өнімдер мен тауарларды

тәркілеу туралы; мәмілелерді жарамсыз деп тану және осындай мәмілелерден алынғандардың бәрін мемлекеттің кірісіне өндіріп алу туралы; заңсыз іс-әрекеттер нәтижесінде алынғандардың бәрін өндіріп алу туралы; кәсіпорындар мен азаматтардың төленбеген салық, қаржы санкциясы және әкімшілік айыпұл сомасына сәйкес келетін мүлік алып қою және оны мемлекет кірісіне айналдыру туралы талаптар бойынша; ерекше жүргізілетін істер бойынша; /осы істерге мүлік иесінің жоқтығын тану туралы істер кіреді, заңды маңызы бар фактілерді тану туралы/;

с/ мүгедектердің қоғамдық ұйымдары, қайырымдылық ұйымдары, Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы - өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша талаптар қойылған жағдайда;

т/ Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде талаптар қойған жағдайда;

у/ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның органдары - өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша талаптар қойған жағдайда;

ф/ сақтандырушылар мен сақтанушылар міндетті сақтандыру шарттарынан туындайтын талаптар бойынша;

х/ талапкерлер мен жауапкерлер заңсыз соттау, қылмыстық жауапқа заңсыз тарту, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алу не тұтқындау немесе еңбекпен түзеу жұмыстары түрінде заңсыз әкімшілік шаралар қолдану арқылы азаматқа келтірілген нұқсанның орнын толтыруға байланысты даулар бойынша;

ц/ Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның органдары өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша талаптар қойған жағдайда;

ч/ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның бөлімшелері өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша талаптар қойған жағдайда;

ш/ Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның органдары - өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша талаптар қойған жағдайда;

щ/ Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі

мен оның органдары - өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша талаптар қойған жағдайда;

э/ Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті - өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша талаптар қойған жағдайда;

ю/ Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті - өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша талаптар қойған жағдайда.

2. Нотариалдық жұмыстар атқарғаны үшін салынатын мемлекеттік баж ставкалары.

31. Нотариалдық жұмыс жасағаны үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін /дубликаттарын/ бергені үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерде алынады:

а/ қалалық жерлерде жылжымайтын мүлікті  
/жер учаскелерін, тұрғын үйлерді,  
пәтерлерді, саяжайларды, көлікжайларды,  
ғимараттар мен өзге де жылжымайтын  
мүлікті/ иеліктен айыру шарттарын  
куәландыру үшін;  
күрделі /үлесін есептей отырып, қосарласып  
иеленушілерді шақырып немесе оған үйдің  
немесе пәтердің бөлігінің сатылмақшы  
екені туралы хабарлай отырып/;  
балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған  
аға-інілері мен апа-қарындастарына,  
немерелеріне 700 процент  
басқа адамдарға 1000 процент  
қарапайым:

балаларына, жұбайына, ата-анасына,  
туған аға-інілері мен апа-қарындастарына,  
немерелеріне 500 процент  
басқа адамдарға 700 процент

автокөлік құралдарын иеліктен айыру  
шарттарын куәландыру үшін:  
балаларына, жұбайына, ата-анасына,  
аға-інілері мен апа-қарындастарына,  
немерелеріне 200 процент  
басқа адамдарға 500 процент

в/ жалға беру, заем, мердігерлік  
шарттарын, неке келісім-шарттарын,  
ортақ меншіктегі мүлікті бөлу  
шарттарын куәландыру үшін 500 процент

г/ өсиеттерді куәландыру үшін:  
күрделі /үлестерді есептеумен және

үйдің, пәтердің нақты бөлігін  
пайдалану құқығымен/ 100 процент  
қарапайым 50 процент  
д/ мұраға құқық беретін куәліктер  
беру үшін әрбір берілген  
куәлік үшін 100 процент

е/ жұбайларға некеде тұрған кезінде  
жиған ортақ мүліктен үлес алуға  
меншік құқығы туралы куәлік беру үшін 100 процент  
ж/ мүлікті пайдалану мен оған билік  
етуге құқық беретін сенімхаттарды,  
несие операцияларын жүргізу жөніндегі  
құжаттарды куәландыру үшін 50 процент

Ескертпе: Мүлікті пайдалану және иелік ету құқығы шартына қаржы несие операциясын жүргізетін шарттарға; МАИ органындағы көлік құралын тіркеу, автокөлік құралын жеткізу, автокөлік құралының бояуын өзгерту, нөмірлік агрегаттар өндірісін алмастыру, автокөлік құралын МАИ органының есебінен шығару, айырбастау, кардарлық, жал, сыйлық шарттарын жасау, берілген сенім өкілеттігін қайталап беру жатады.

з/ автокөлік құралдарын сату  
құқығынсыз пайдалануға және  
жүргізуге құқық беретін  
сенімхаттарды куәландыру үшін 50 процент

Ескертпе: Осы ставка бойынша баж сенім өкілеттігін қайталап беру үшін алынады.

и/ автокөлік құралдарын сатуға  
берілетін сенімхаттарды куәландыру  
үшін 100 процент

Ескертпе: Осы ставка бойынша баж жүргізу правосын сеніп беру үшін алынады. 50 және 100 процент ставка бойынша "з" және "и" тармақтары бойынша баж автокөлік құралдарын пайдалану немесе сату құқығынан алынады.

к/ өзге сенімхаттарды куәландыру  
үшін:  
жеке тұлғаларға 10 процент  
занды тұлғаларға 50 процент

л/ мұраға қалдырылған мүлікті  
қорғауға шаралар қолдану үшін 100 процент  
м/ теңіз наразылығын білдіру үшін 50 процент  
н/ орындау жазбаларын жазу үшін 100 процент

|                                                                                                                                             |                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| о/ құжаттар көшірмелерінің және құжаттардан жазылып алынған жазбалардың дұрыстығын куәландыру үшін /әр бетіне/:                             |                    |
| жеке тұлғаларға                                                                                                                             | 5 процент          |
| заңды тұлғаларға                                                                                                                            | 10 процент         |
| п/ құжаттардағы қойылған қолдың растығын, оның ішінде аудармашы қолының растығын куәландыру үшін /әр құжат үшін/                            |                    |
| жеке тұлғаларға                                                                                                                             | 3 процент          |
| заңды тұлғаларға                                                                                                                            | 10 процент         |
| р/ заңды және жеке тұлғалардың арыздарын басқа бір заңды және жеке тұлғаларға беру үшін                                                     | 20 процент         |
| с/ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін /дубликаттарын/ беру үшін                                                                 | 20 процент         |
| т/ банктерде шоттар ашқан кезде қойылған қолдардың растығын куәландыру үшін /әр құжат үшін/                                                 | 10 процент         |
| у/ кепіл шарттарын куәландыру үшін                                                                                                          | 700 процент        |
| ф/ вексельдің төленбеуіне, акцептелмеуіне және акцепт уақытының қойылмауына наразылық білдіру үшін және чектің төленбегенін куәландыру үшін | 50 процент         |
| х/ құжаттарды сақтау үшін                                                                                                                   | әр айға 10 процент |
| ц/ кепіл болу және кепілдік шарттарын куәландыру үшін                                                                                       | 50 процент         |
| ч/ басқа да нотариат жұмыстарын атқару үшін - осы баптың "а" - "ц" тармақшаларында көрсетілгеннен басқасы                                   | 20 процент         |

32. Нотариат конторының жайынан тысқары атқарылған нотариат

жұмыстары үшін осы жұмыстарды атқаруға байланысты кеткен жол шығындары төленуі тиіс.

33. Кәмелетке толмаған мұрагерлер бар болса /осыған қоса ол мұрагердің балалары болмаған жағдайда/ онда бажды осы мұрагерлердің заңды өкілдері төлейді.

34. Егер мұрагерлердің өтініші бойынша мұрагерлік құқығы туралы куәлік мұрагерлік мүліктің бір бөлігіне берілсе, онда баж әрбір берілген куәліктен алынады.

Сот органдарының шешімі негізінде мұрагерлік құқығы туралы алдындағы берілген куәліктің күші жойылғандықтан шарт бойынша қайта берілген куәлікке баж жалпы негізде алынады. Бұл жағдайда алғашқы құжатқа төленген баж сомасы жаңадан берілген құжатқа есептелетін есеп сомасына жатқызылады, егер де бюджетке аударылған соманың мерзімі бір жылдан асып кетпеген жағдайда.

Қайталап берілген куәліктер мен шарттарда нотариат конторы реестрінің тиісті бағанда баждың қашан және қандай сомада алынғандығы және айыппұл алынғандығы туралы жазылады. Бұл жағдайда нотариат конторының ісінде қалатын негізгі құжатқа алдындағы құжаттар мен шарттардың күшін жойғандығы туралы сот шешімі қосылады.

35. Жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру мәмілесінің нотариаттық куәлігі осы мәміле бойынша баж берешегі болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

36. Несие мекемелері сертификаттар мен аккредитивтерге, есеп айырысу чектеріне, акцияларына, купондарға және басқа бағалы қағаздарға мұрагерлік құқығы туралы куәліктер бергенде баж жалпы негізде алынады.

37. Жұбайлардың бірлескен тұрмысында алынған және олардың біреуі қайтыс болғаннан кейін қалған мүлікке мұрагерлік құқығы туралы куәлік берілгенде баж жалпы негізде алынады.

38. Айырбастау жөніндегі шарт бойынша баж мүлікті иеліктен айыру кезінде белгіленген жоғары ставка бойынша есептеледі.

Мысалы. Пәтерді көлікке айырбастау жүргізіледі. Баж жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру туралы шарт куәлігі сияқты 1000 проценттік ставка бойынша алынуы тиіс.

39. Орындаушы қолы бойынша қол қояды атқару үшін баж сомасы, төлеушінің төлемнен босатылған жағдайында, қол қою бойынша қарызды іздестіргенде қарызданушыдан өндіріліп алынады.

40. Нотариаттық жұмыстарды жасау кезіндегі мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

а/ жеке адамдар - мүлкін мемлекет пайдасына сыйға тарту өсиеттерін, шарттарын куәландыру үшін;

б/ салық және қаржы органдары - өздеріне мемлекеттің мұра алу құқығы

туралы куәліктер /куәліктерді дубликаттарын/ алуға қажетті барлық құжаттар үшін;

в/ жеке адамдар өздеріне;

Қазақстан Республикасын қорғау кезінде, өзге де мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты не Қазақстан Республикасы азаматының адам өмірін сақтап қалу, мемлекеттік меншікті және құқық тәртібін қорғау жөніндегі борышын атқаруға байланысты қаза тапқан адамдардың мүлкіне;

егер мұрагер мұра қалдырушы қайтыс болған күнге дейін мұра қалдырушымен кемінде үш жыл бірге тұрған болса және ол қайтыс болғаннан кейін сол үйде /пәтерде/ әлі де тұрып жатқан болса, тұрғын үйге /пәтерге/ немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріндегі үлеске;

жеке басты және мүлікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сомаларына, мемлекеттік заем облигацияларына, еңбек ақы төлеу сомаларына, авторлық құқықтарға, жаңалық ашу, өнертабыс және өнеркәсіптік үлгілер үшін төленетін авторлық қаламақы мен сыйақылар сомаларын; ақталған азаматтардың мүлкіне мұрагерлік құқығы туралы куәліктер берілгені үшін;

г/ Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер - барлық нотариаттық жұмыстар бойынша;

д/ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның бөлімшелері өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нотариаттық жұмыстар жасайды өтінген жағдайда;

е/ "Ардақты ана" атағын алған, "Алтын алқа" және "Күміс алқа"

алқаларымен марапатталған көп балалы аналар - барлық нотариаттық жұмыстар бойынша;

ж/ заңдарда белгіленген тәртіппен қамқоршылық тағайындалған созылмалы жүйке ауруына шалдыққан жеке адамдар - өздерінің мұраға мүлік алуы туралы куәліктер алғаны үшін.

41. Әскери бөлімдер басшыларының, мемлекеттік нотариат туралы заңда көзделген тәртіптегі кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың /нотариаттық органдардан басқа/ куәландырған сенім хаттар мен мұраларына баж алынбайды.

3. Азаматтық хал актілерін тіркеу үшін алынатын мемлекеттік баж ставкалары

42. Азаматтық хал актілерін тіркеу үшін, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілеріндегі жазбаларды өзгертуге, толықтыруға, түзетуге, және қалпына келтіруге

байланысты куәліктерді азаматтарға қайталап беру үшін мөлшерде мемлекеттік баж алынады:

- а/ некеге тұруды мемлекеттік тіркеу үшін; 30 процент
- б/ некені бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін;  
кәмелетке толмаған балалары жоқ жұбайлардың өзара келісімі бойынша 200 процент
- сот шешімінің негізінде 150 процент /жұбайлардың біреуінен немесе екеуінен/  
белгіленген тәртіппен хабар ошарсыз кеткен немесе ақылынан ауысуы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан әрекет қабілеті жоқ деп танылған адамдармен, не үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен сот шешімінің негізінде 10 процент
- в/ тегін, атын немесе әкесінің атын өзгерткенін тіркеу үшін 10 процент
- г/ туу, неке, некенің бұзылуы, қайтыс болу туралы актілердің жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәлік бері үшін 10 процент
- д/ тууды тіркегені, әкелікті баланы /қызды/ асырап алғанын белгілегені үшін 10 процент
- е/ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталап куәліктер беру үшін 10 процент
- ж/ ұлтын өзгертуді тіркеу үшін 10 процент

Ескертпе: Көрсетілген ставкалар бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу жүктелген поселкелік және селолық әкімшілік атқару органдарына баж алу жүктелген.

Кәмелетке толмаған балалардың актілер жазуына ата-аналарының аты-жөндерінің өзгеруіне байланысты түзетулер енгізілгенде баж жалпы негізде алынады.

43. Азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

а/ Ұлы Отан соғысына қатысушылар, барлық топтағы мүгедектер, қорғаншылар /қамқоршылар/ мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар - тууы туралы куәліктерді тіркеу және қайталап беру үшін;

б/ жеке адамдар - азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысы өздеріне туу, қайтыс болу туралы, әкелікті анықтау, баланы /қызды/ асырап алу туралы актілердің жазбаларын өзгерткен, толықтырған және түзеткен жағдайда куәліктер берілгені үшін;

в/ жеке адамдар ақталған туыстарының қайтыс болғаны туралы куәліктерді қайта беру немесе бұрын берілген куәліктерді ауыстыру үшін.

44. Аудандар, қалалар /аудандық бағыныстағы қалалардан басқалары/ әкімдерінің, қалалардағы аудандар әкімдерінің жекелеген төлеушілерге мемлекеттік баж жөнінде қосымша жеңілдіктер беруге құқығы бар.

4. Шетелге шығуды рәсімдеу, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу кезінде алынатын мемлекеттік баж ставкалары

45. Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу кезінде алынатын мемлекеттік баж ставкалары:

а/ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға мынадай құқықтарға рұқсат беру немесе оны ұзарту үшін:

|                                                                   |             |
|-------------------------------------------------------------------|-------------|
| Қазақстан Республикасынан кету                                    | 50 процент  |
| Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету | 100 процент |

б/ Қазақстан Республикасы  
азаматтарының паспорттарында  
шекарадан бірнеше рет өтуге  
рұқсатты рәсімдеу үшін, сондай-ақ  
шетелдіктермен азаматтығы жоқ  
адамдарға шекарадан бірнеше рет  
өту құқығына рұқсат беру үшін 200 процент

в/ Қазақстан Республикасының  
азаматтарына, сондай-ақ  
шетелдіктер мен азаматтығы жоқ  
адамдарға Қазақстан Республикасынан  
кету және Қазақстан Республикасына  
келу құқығын беретін құжаттарға  
өзгерістер енгізу үшін 100 процент

г/ Қазақстан Республикасының  
азаматтарына, шетелдіктер мен  
азаматтығы жоқ адамдарға  
шетелден шақыру туралы  
құжаттарды беру үшін шақырылған әрбір  
адамнан 50 процент

д/ Қазақстан Республикасының  
азаматтығын алу, Қазақстан  
Республикасының азаматтығын  
қалпына келтіру, Қазақстан  
Республикасының азаматтығынан  
шығу туралы құжаттарды ресімдеу  
үшін 100 процент

е/ Қазақстан Республикасына шақыру  
туралы жоғалған не бүлінген  
құжаттардың орнына жаңасын беру үшін осы тармақтың  
тиісінше "а", "б", "г"  
тармақшаларында  
көрсетілген мөлшерде

5. Қазақстан Республикасынан шетелге шығу туралы істер  
бойынша мемлекеттік баж төлеу жөніндегі жеңілдіктер

46. Қазақстан Республикасынан шетелге шығу туралы істер бойынша  
мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

а/ Кеңес Одағының батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және Еңбек Даңқы орденінің үш дәрежесімен, "Алтын Қыран", "Халық қаһарманы", "Отан" ордендерімен марапатталған адамдар, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және соларға теңестірілген басқа да мүгедектер, бала кезінен мүгедек болып қалғандар, І және ІІ топтағы мүгедектер, Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар;

б/ жеке адамдар - өздеріне дипломатиялық паспорттар берілгені үшін;

в/ азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттарға сәйкес азаматтық және қылмыстық істер бойынша тараптар, куәлар мен сарапшылар ретінде басқа мемлекеттердің соттарына шақырылатын жеке адамдар өздеріне шетелге шығуға құжаттар берілгені үшін.

47. Ұйымдар қызмет мақсаттарына шетелге жіберетін азаматтарға қызметтік паспорттарды, теңізші паспорттарын рәсімдеген кезде мемлекеттік бажды сол ұйымдар төлейді.

6. Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге мәжбүр

болған адамдардың азаматтығын қалпына келтіру

кезінде мемлекеттік баж төлеу жөніндегі жеңілдіктер

48. Жаппай қудалау, күштеп ұжымдастыру кезінде, адамгершілікке жат бақа да саяси акциялар нәтижесінде Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге мәжбүр болған адамдар, олардың ұрпақтары, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруге тілек білдірген жағдайда, азаматтықты қалпына келтіру кезінде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Аталған жеңілдік бір рет беріледі.

7. Өзге жұмыстар жасағаны үшін алынатын мемлекеттік баж

49. Өзге жұмыстар жасағаны үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерде алынады:

а/ тұрғылықты жерді тіркеу үшін 10 процент

б/ аң аулау құқығына рұқсат беру үшін 10 процент

в/ атылатын азаматтық қаруды /атылмайтын

аңшылық, пневматикалық қаруды және

газды аэрозоль құрылғыларын қоспағанда/

тіркеу және қайта тіркеу үшін 10 процент

г/ жеке басын куәландыратын құжаттарға

өзгерістер енгізу үшін 10 процент

50. Тұрғылықты жерді тіркегені үшін баж оларды ішкі істер органдары тіркеген кезде алынады және осыған сәйкес жағдайларда селолық және поселкалық әкімшіліктер.

51. Тұрғылықты жерді тіркегені үшін мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

а/ қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде тұратын қарттар мен мүгедектер;

б/ мектеп-интернаттар мен кәсіптік-техникалық мектептердің толық мемлекет қамқорлығындағы және жатақханаларда тұратын оқушылары.

52. Саятшылар, қорықшылар және штаттағы аңшылар - өздерінің аң аулау құқығына рұқсат алғаны немесе оны ұзартқаны үшін аң аулау құқығына рұқсат берілгеніне мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

53. Аң аулау құқығына рұқсат берілгені үшін баж оны алғанда төленеді, сондай-ақ аталған құжатты беруге өкілетті органдардың аң аулау билетінің мерзімін жыл сайын ұзартқан кезінде.

54. Аңшылық билетін беруші органдар жергілікті салық органдарына осы билеттерді беру міндеттелген ұйымдар жайлы хабарлауға міндетті.

Аңшылық билеттерінің бланкілері қатаң есепке алынған құжат болып табылады.

Аңшылық билетін толық пайдаланғандықтан оны ұзартуға мүмкіндіктің болмауынан немесе аңшылықты тоқтатқанда, онда аңшылық билеті оны берген ұйымға қайтарылуы тиіс.

55. Қайтарылған аңшылық билеттері өртеу арқылы жойылады. Қайтарылған аңшылық билеттерін жоюды жергілікті салық органы өкілінің қатысуымен арнаулы комиссия жүзеге асырады. Аңшылық билетінің жойылғандығы туралы акт жазылады.

Берілген және ұзартылған аңшылық билеттерді белгіленген нысандағы кітапта билеті берген ұйымдар тіркейді.

Кітап нөмірленуі, тігілуі салық инспекциясы бастығының қолы қойылуы және аңшылық билетін берген ұйымның тұрған жеріндегі инспекцияның мөрімен куәлендірілуі тиіс.

V тарау. Мемлекеттік бажды алу және оның бюджетке толық төленуінің дұрыстығын тексеруді ұйымдастыру

56. Мемлекеттік бажды алушы мекемелердің басшылары баждың дұрыс алынуына, сондай-ақ оның мемлекеттік бюджетке уақтылы және толық төленуіне жауап береді.

Бажды алушы мекемелердің іс-қимылына бақылау жасау Қазақстан Республикасының актілері заңына сәйкес жүзеге асырылады.

57. Аудандар мен қалалар бойынша салық органдары аудан және қала аумағында орналасқан баж алатын мекемелерді тексеріп отырулары тиіс. Тексеру мерзімін аталған салық инспекциясының басшылары белгілейді.

Қазақстан Республикасының Салық қызметі, аудандық бөлігі бар облыстар мен қалалар бойынша салық органдары, мемлекеттік бажды алу және оның бюджетке толық төленуін бақылайтын салық органдары жұмысының жағдайына арнайы тексеру жүргізуді көздейді.

Аталған жұмысты орындауда аталған салық органдарының лауазымды адамдары мемлекеттік бажды алу және оның бюджетке толық төленуінің дұрыстығын міндетті түрде баж алатын мекемелердің өзінде тексеруге міндетті.

58. Мемлекеттік баж бойынша тексерудің негізгі міндеті бажды алу және белгіленген ставкаларды қолданудың дұрыстығын тексеру болып табылады.

59. Тексеру барысында соңғы тексеруден бастап өткен аралықтағы барлық құжаттар мен кітаптарды толық тексеру жүргізілуі тиіс.

Сотта сонымен қатар халық сотының шешімімен алынатын баж сомасының есебін жүргізу және айыппұл сомасының бюджетке түсуін қамтамасыз етудегі уақтылы шара қолданылуы тексеріледі.

Сотта жеке істерді қарағанда салық инспекциясының қызметкері:

а/ талап өтінішін берген кезде бажды өндіріп алу, істе баж төлеген дәлелдің / құжаттың/ болуы және оны есептеудің дұрыстығын;

б/ істе қарсы талап арыздың және үшінші адамдардың іске жеке талап талабы өтінішімен кіргендігі туралы өтінішінің болуы және оларға баждың дұрыс төленуін;

в/ талап талабының өсуі жағдайында баждың дұрыс алынуы;

г/ соттың жеңілдікті дұрыс беруі, сондай-ақ талапкердің баждан босатылған жағдайында талапкерден және жауапкерден баждың дұрыс есептелуі мен алыну дұрыстығын;

д/ істер жөніндегі баждың дұрыс алынуын, еңбек құқық қатынастарынан туындайтын; жарақаттан зиян келтіру туралы істерден, асырауға қаражат іздестіру туралы істерден, атап айтқанда балаларды асырау үшін алимент тағайындау туралы істерден және алдында тағайындалған алименттер мөлшерінің өзгеруі туралы істерден;

е/ мүліктік емес сипаттағы және кассациялық шағым істер бойынша баждың дұрыс алынуын;

ж/ бажды төлеу туралы құжаттардың дұрыс рәсімделуін, төлем тапсырмаларында төлеушінің есебінен бажға төлем сомасының аударылғаны туралы несие мекемелерінің қойған белгісінің болуы, төлем құжаттарында құжат

тігілген іс бойынша баждың төленгендігінің анықтамасының болуы және олардың аударылуын тексереді.

60. Нотариат конторларында және басқа мекемелерде, нотариаттық жұмыстарды қоса, салық органының қызметкері нотариаттық жұмыстарды атқарғаны үшін баж алынуының дұрыстығын тексереді, оның ішінде:

а/ реестрдегі жазу бойынша және нотариаттық контордың құжаттарындағы істердегі бар шарттардың, аманаттардың және сенім хаттардың нотариаттық куәландырылғаны үшін. Бұған қоса сатып алу-сату /айырбастау, сыйға тарту/ шарттарының нотариаттық куәліктерінің түп нұсқасы қаралады;

б/ реестрдегі жазу бойынша және нотариаттық контордың құжаттарындағы істердегі бар мұрагерлік құқығын анықтайтын куәлікті бергені үшін куәліктің бірінші данасымен, сондай-ақ келіп түскен өтініштердің тіркелу көрсеткіштері бойынша;

в/ реестрдегі жазу бойынша және нотариаттық контордың құжаттарындағы істердегі орындаушылар қолдарын атқарғандығы үшін қолдардың көшірмелерін;

г/ депозит бойынша квитанциялық кітапшаның түбіршігі бойынша ақшалай сома мен құнды қағаздар тиесілігі бойынша депозитке алу үшін, сондай-ақ депозиттік есебінің кітабы және депозиттік парақтың кітабы бойынша;

д/ көшірме мен жазып алу растығын куәландыру үшін, қол қою нұсқасының және басқа істерді куәландыру үшін жоғарыдағы тармақтардағы нотариаттық контордың реестріндегі жазулар бойынша көрсетілгеннен басқа.

Жеке нотариалдық істер бойынша құжаттарды қарай отырып салық органының қызметкері тексеру кезіндегі нотариаттық контордың жұмысындағы әрбір құжат бойынша баж ставкасының дұрыс қолданғандығын, алынған соманың дәлдігін анықтайды; құжат сомасының проценттік қатынасына алынған соманың дұрыс дөңгеленгендігі, баж төлемі бойынша берілген жеңілдіктердің дұрыстығын, сондай-ақ көрсетілген құжатта айыптанушының баждан босатылған жағдайында айыппұлды орындау кезінде айыпкерден баждың өндіріліп алынуын

61. Селолық атқарушы органдарының бажды дұрыс алуында ф. N 10 квитанциясының екінші данасының, нотариаттық істер мен қызметтеріне азаматтық хал актілерінің жазбаларына, сондай-ақ селолық кеңестің ісіндегі қалған шарттарына, сенімхаттары мен басқа да берілген құжаттарды тіркеу көрсеткіштерімен салыстыра отырып тексеріледі. Құрылыстарды, жайларды және ғимараттарды иеліктен айыруға байланысты нотариаттық істерді тексерген кезде нотариаттық істерді тіркеу кітабында осы селолық органдардың шаруашылық есебіндегі көрсеткіштерімен салыстырылуға тиіс.

62. Азаматтық хал актілерін тіркейтін ЗАГС органдарын және басқа мекемелерді тексергенде тексеруші акт жазуларына сәйкес азаматтық хал

актілерін тіркеу туралы өтінішті салыстыра отырып баждың толық және дұрыс алынғандығын анықтайды. Бұған қоса ЗАГС органдарындағы бар есеп құжаттары /азаматтық хал актілерін тіркеу туралы өтініш кітабы, жазбалардағы өзгертулер мен толықтырулар және түзетулер, қайта құжаттар беру туралы, куәлік бланкісінің кірісі мен шығысы кітабы/ сондай-ақ есеп беру көрсеткіштері / азаматтық хал актілерін тіркеу туралы жаршысы/ пайдаланылады.

Тексеру кезінде неке тіркеу үшін баждың уақтылы және дұрыс төленуіне, сондай-ақ аты-жөнінің өзгергендігін тіркеу және осыған байланысты кәмелетке толған және толмаған балаларға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы жаңа куәліктердің дұрыс берілуіне көңіл бөлінеді. Баж бойынша жеңілдіктің дұрыстығы, тиісті жағдайда некені бұзу туралы сот органдары шешімінің бар болуы, алынатын баж сомасының сот шешімінің некені бұзу жайында куәлік берген адамға салынған баж сомасымен сәйкестігіне, бажды төлегендігі жайындағы құжаттың барлығы және оның дұрыс ресімделуі тексеріледі.

63. Азаматтардың тұрған жерін тіркеу үшін баждың толықтығы мен дұрыстығын тексеру осыны тіркеген ұйымдарда жүзеге асырылады.

Тұрған жерін тіркеуге мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты тұрып жатқан азаматтар;
- шет елде тұрғылықты тұрып жатқан, Қазақстан Республикасына үш айдан астам мерзімге уақытша тұруға келген Қазақстан Республикасының азаматтары;
- Қазақстан Республикасының бір жерінен екінші жеріне үш айдан астам мерзімге уақытша тұруға келген Қазақстан Республикасының азаматтары;
- Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар;
- казармалардан, кемелерден, судалардан тыс тұрып жатқан әскери қызметшілер.

Қазақстан Республикасына іссапармен немесе жеке жұмыспен уақытша келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

Санаторийларда, демалыс үйлерінде, пансионаттарда және туристік базаларда бюджетке аударылатын баждың толықтығы мен уақтылығы демалушылар мен ауырғандарды тіркеу анкеттері, кітаптары немесе журналдарының, тапсырылған жолдамалар мен курсовкалардың көрсеткіштері бойынша, сондай-ақ бюджетке аударылған және алынған бухгалтерлік құжаттар бойынша тексеріледі.

Қонақүйлерде бюджетке аударылатын баждың толықтығы мен уақтылығы қонақүйлерде тұратын адамдарға толықтырылатын анкеттер бойынша тексеріледі, онда қонақүйде тұратын мерзімі қонақүй бухгалтериясына тапсырылатын тұрғандығы туралы квитанция және бюджетке аударылған баж

сомасы жайлы төлем құжаты көрсетіледі.

64. Аң аулау құқығына рұқсат беретін ұйымдарды тексергенде аң аулау билетінің есебі мен сақтау жағдайы, берілген аң аулау билеттерін тіркеу кітабының дұрыс жүргізілуі мемлекеттік бажды алу, сондай-ақ қайтарылған аң аулау билеттерін жою туралы актіні дұрыс ресімделуі анықталады.

65. Тексеру нәтижесі туралы акт жасалады, онда бажды алу жөнінде жұмыс жағдайы, қолданылған заңды бұзудың нақты фактісі келтіріліп көрсетіледі. Негізінен актіде тексеру кезінде анықталған баждың артықтығы мен аздығы жайлы факт келтіріліп және оны жою туралы ұсыныс енгізілуі тиіс.

66. Акт екі данада жазылады, оның біреуі тексерілген әкімшілікке тапсырылады, екіншісі салық органында қалады.

67. Кәсіпорындардан, мекемелерден және жеке азаматтардан олардың мүддесі үшін атқарылған істерден және берілген құжаттардан төленбеген немесе толық алынбаған баждың төленбеген немесе толық алынбаған сомасы салық және салық емес төлемдерді өтеу белгіленген тәртібімен баж алатын мекемелерден өндіріліп алынады.

Шағын баж сомасын іздестірмеген фактілер, анықталғанда осы фактілер тексеру актісінде келтіріледі, акті бойынша ұсыныстарда бажды дұрыс есептеу мен алуды қамтамасыз ететін органның басшыларына нұсқалады.

VI тарау. Мемлекеттік баж алатын мекемелердің, банктердің  
және банк операцияларының жекелеген түрлерін  
жүйеге асыратын ұйымдардың жауапкершілігі

68. Мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік баж туралы" Заңына және осы нұсқауға сәйкес алынады, мемлекет алдындағы борыш болып табылады және ол бюджет кірісіне төленуі тиіс.

69. Мемлекеттік баж алатын мекемелердің, банктің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшылары баж салығының дұрыс алынуы үшін, сондай-ақ оның мемлекеттік бюджетке мезгілінде және толық төленуі үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапты болады.

70. Мемлекеттік баждың дұрыс есептелуін және оның бюджетке мезгілінде төленуін бақылауды салық органдары жүзеге асырады.

Төрағаның орынбасары, Салық  
қызметінің II дәрежелі  
мемлекеттік кеңесшісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК